

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 536 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қаңтарда № 4393 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 626 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 14.12.2020 № 626 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға 1-қосымшаға;

2) ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ордабасы ауданы әкімдігінің 2017 жылдың 18 шілдесінде № 298 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4179 тіркелген, 2017 жылғы 19 тамызда "Ордабасы оттары" газетінде және 2017 жылғы 14 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысы күші жойылды деп танылсын.

3. Ордабасы ауданы әкімінің аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) осы қаулының Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Оралбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р.Кайпжанов*

Ордабасы ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 536 қаулысына 1-қосымша

## **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде
	жергілікті бюджет есебінен
6911	6911

Ордабасы ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 536 қаулысына 2-қосымша

## **Ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Барлығы	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
		267,53

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген